

Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

Асанова Ақбота E-mail: 24606@bk.ru Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы кафедрасының 1 курс магистранты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ахметова Ұ.Т.

Андатпа. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қалыптасу тарихын саралап жазу өлке тарихы үшін өте маңызды. Атырау университетінің негізі болған, өлкесіздегі тұңғыш жоғары білім ордасының ашылу тарихы мен жұмыстары өлкенің зерттелу тарихында маңызды орын алады. Оқу орының тарихын жазуда Атырау облыстық мемлекеттік архиві, Атырау университеті архивінің материалдары мен кафедра, факультеттердің тарихы туралы жинақталған материалдарды салыстырыла сараланды. Зерттеудің тарихи принциптерін сақтай, бір ізділікпен жүйелей жазылды. Атырау университетінің тарихына назар аударсақ, құрылған күннен бастап, өлкемізде жоғарғы оқу орнының ашылуына орай, педагогикалық кадрларды даярлаудан бастап, жергілікті аймаққа қажетті сан-салалы мамандықтар бойынша кадр даярлауда Атырау университеті ұжымы маңызы бар қызметтер атқарып келеді. Тірек сөздер: Қазақстан тарихы, өлке тарихы, жоғары білім, университет, факультет, кафедра, мұғалім кадрлар, педагогикалық институт. Кіріспе. Өлкеміздегі іргелі оқу орны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің жоғары білім беру саласында сонау ХХ ғасырдан бері маман кадрларды даярлауда еңселі еңбек етіп келе жатқан бірден-бір мекеме. Қазіргі еліміздің даму деңгейін 524 көтеруде аталған оқу орнының атқарып отырған саласы аса маңызды деп есептеймін. Сондықтан да таңдаған тақырыбымыз өзекті. Мақаланы жазу мақсатымыз Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің бастауы болған Гурьев педагогика институтының құрылуы және онда қызмет жасаған мамандар тарихын архив материалдарымен баяндалады. Алдымен институт тарихына байланысты кездескен архив материалдарымен жұмыс жасай отыра, қазірге дейінгі жазылған еңбектерді саралауды міндетімізге қойған болатынбыз. Зерттеу барысында аталған тақырып материалдарымен танысып, жүйелілік жіне бірізділік, тарихилық принциптерін сақтай, бар материалдарды салыстырмалы, сыни тұрғыдан жүйелеуді басты назарға алдық. Ізденіс жұмыстары барысында Атырау университетінің құрылуы туралы материалдар Атырау облыстық мемлекеттік архивінің 885-қ., 1036-қ., 880 қорларымен жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде қолда бар ғылыми айналымға енген материалдармен сараланды. Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысында жоғары оқу орны тарихына қатысты Кеңес үкіметі кезінде жарық көрген еңбектер мен қазіргі заман тұрғысында жазылған зерттеулер салыстырмалы-сыни тұрғыда жүйеленіп, саралана отырып, архив деректері арқылы нақтыланды. Атырау университетінің құрылуы туралы материалдар Атырау облыстық мемлекеттік архиві (885-қ.,1036-қ., 880-қ.) қорларымен жұмыстар жүргізілді. Нәтижелер және оларды талқылау. Атырау қаласындағы ашылған жоғарғы оқу орны Гурьев педагогикалық институтының тарихы жайлы деректер архив деректерінде де, кітап, мерзімді басылым беттерінде де ашық көрініс табады. Онда Гурьев өңірінде қазан төңкерісінен кейін ағарту саласын одан әрі дамыту күн тәртібіне қойылып, басты мәселесіне айналды. Қаладағы екі жылдық мұғалімдер дайындайтын мектеп өлкеміздің халық ағарту саласындағы мамандар даярлау мәселесімен айналысқан болатын. Әйтсе де, мектеп облыс сұранысын толық қамти алмады. Тек 1929 жылы ашылған бастауыш сынып оқушыларын дайындайтын педагогикалық училище ғана бұл мәселенің орнын толтыра бастады. 1932 жылдан сол кездегі облыс орталығы аталған Орал қаласында жұмысын бастаған педагогикалық институт жергілікті жерге жоғары білімді кадрлардың

келуіне септігін тигізді. Осындай кезеңде 1939 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Гурьев қаласында екі жылдық мұғалімдер институтын ашу және Қазақ КСР Халық Ағарту Комиссариатының бекіткен мамандыры бойынша 1 курсқа 120 студент қабылдау туралы қаулысы жарық көрді [1, 34п.]. 1939 жылғы қаулы бойынша екі жылдық мұғалімдер институтын ашу туралы Гурьев облыстық атқару комитеті №13 хаттама бойынша 1940 жылы 27 мамырда жаңа оқу орнына Гурьев педагогикалық училищесінің оқу ғимаратын беруге және 120 орындық студенттер жатақханасын қарастыру облаткомге тапсырылды. Одан әрі Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесіне 1941 жылдан бастап, жаңа оқу үйі мен 500 студентке арнап жатақхана тұрғызу туралы ұсыныс жасалынады. 1940 жылы 1 қыркүйектен мұғалімдер институты өз жұмысын бастады. Алғашқы ректоры болып, оқу ісі министрінің жолдамасымен Ә.Б. Тұрсынбаев бекітіледі. Өлкемізге Ә.Б. Тұрсынбаев негізінен Мәскеудегі Г.М. Крижановский атындағы мемлекеттік экономика институтының түлегі, ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер еді. Әйтсе де елде соғыс жағдайының туындауы ашылғанына бір жыл болған мұғалімдер институтының өз жұмысын тоқтатты. Екінші дүниежүзілік соғыс жеңіспен аяқталысымен Гурьевте қайтадан мұғалімдер институтын құру ісі өз жалғасын табады. Сөйтіп, 1950 жылы 28 маусым күнгі №115/Т-ші КСРО Жоғары білім беру министрі С. Кафтановтың бұйрығымен 1950 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 150 адамдық Гурьев мұғалімдер институты ашылады [2, 13п.]. Жоғарғы оқу орны өзінің алғашқы оқу жылын физика-математика, филология және жаратылыстану география факультеттері және марксизм-ленинизм, педагогика, физика және математика, орыс тілі мен әдебиеті, география мен жаратылыстану кафедраларымен жұмыс істеді. 525 Институттың директорлығына К.Е. Темірғалиев бекітіледі. Ол бұл кезең туралы кейіннен естелігінде: «1950 жылдың жазында С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетін бітірген мені республика халық ағарту министрі Әбдіхамит Сембаев шақырды. Менімен жеке әңгімесінде ол былай деді: «Министрлік Сізді Гурьев қаласына институт директоры етіп тағайындау туралы шешім алды. Сіз әскери адамсыз, әскери-саяси жұмыста армиялық шынығудан өттіңіз. Сіздің жауапты тапсырманы ойдағыдай атқаратындығыңызға біздің сеніміміз мол. Жиналуға үш күн беремін. Бірінші тамызда Гурьевке кету керек». Министрмен әңгіме кезінде мен ойымша жіберген жерге бармаудың себебін даярладым. Аузымды ашқанша болған жоқ, министр қолыма бұйрықты ұстатты. Министрдің кабинетінің табалдырығын аттағанда, университет бітіруші-студент болсам, ал одан шыққанда институт директоры атандым», деп еске алған болатын [3,266.]. Жаңадан ашылған жоғарғы оқу орнын кадр мамандармен толықтыру мәселесі де бірінші орындағы күн тәртібіне қойылды. Осы мақсатты еліміздің өзге облыстарынан келген (Киров атындағы мемлекеттік университетінен, Абай атындағы педагогикалық институтынан) жоғары маманды жас кадрлар кафедра, деканаттардың жетекшілері болып тағайындалды. Басқалары оқытушылық қызметтер атқарды. Жалпы алғашында оқытушылардың 70 пайыздан астамы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің түлектері болатын. Келген мамандардың ішінде математик Яковлева, педагог Гаязова Р.Г., филологтар Қадырова Г. мен Бахарев Н.Е., биологтар Поваренкин И.Ф., Киселева А.Д., Вотякова И.П., физик Чейлуков И.Г., психолог Куфтырева В.И., Лютиков А.Н., Маренинова Емельченко Р.М.-дене тәрбиесі, тарихшылар Баяндиев Д.Б. пен Польская А., және тағы басқалары келіп ұжымды толықтырды. Білім ордасының оқу ғимаратына Ленин атындағы орта мектептің ғимараты және екі студенттік жатақхана бөлінді. Институтқа бірінші оқу жылы 150 студент қабылданды: физика-математика факультетіне-50, жаратылыстану география бөліміне-50, филология факультетіне-50, студенттерге барлығы 13 оқытушы дәріс берді. Оқу ордасында кітапханалар ұйымдастырылып, аз ғана уақыттың ішінде 20

мындай томдар мен әдебиеттер алынды. Кейінірек шетелдік, отандық кітап қорын жинастыралды. Оқуға түсуге арыз берушілер саны 230-ге жетті. Қабылдау емтиханын жақсы бағаларға тапсырған 150 адам институтқа қабылданды. Мұның 20-сы орта мектепті үздік бітіріп, емтихансыз қабылданғандар. Студенттер үшін 100 орындық студенттер жатақханасы ұйымдастырылып, ол төсек-орынмен, керуеттермен, басқа да қажетті жиһаздармен жабдықталды [4, 48п.]. Жоғарыда аталған оқытушылардың барлығы да аз уақыттың ішінде табанды еңбек етіп, институттың жұмысына белсене араласты. Оқытушылардың бәрі де тәжірибесі аз жас мамандар болатынды, жоғары оқу орындарының түлектері еді. Міне, алғашқы оқытушылар тәжірибесі аздығына қарамастан, алғашқы ұйымдасқан оқу орнының аяғынан тік тұрып, қалыптасуына барлық жастық күш-жігерін жұмсады. Бірі - оқу-құралдарын дайындаумен айналысса, екіншілері студенттер арасында жатақхана жұмыстарына араласты, кейбір оқытушылар институттың шеберханалары мен зертханаларын қажетті құралдармен жабдықтауға ат салысты. Атырау университетінде мектептер үшін тарихшы мұғалімдер дайындау ісі 1959 жылдан бастап қолға алынды. Алғашқы жылдары «Тарих және қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы берілген болатын. Оқу мерзімі бес жылдық болатын. Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген Ж.Б. Бақи, М.А. Абдулов, З.А. Алдамжаров, К.Қ. Қайырбекова, А. Мовкебаев, Ғ.Н. Нығметов тарих пәндерінен алғашқы сабақ берген ұстаздар болды. Сол кездегі университет ректоры Қ.Ж. Жаманбаев тарихшы кадрларды даярлауға ерекше мән беріп, қамқорлық жасады. Тарихшы ұстаздардан ғылыми атағы бар ол кезде тек Қ.Е.Темірғалиев еді. Ғылыми атағы бар кадрларды дайындау үшін 1961 жылдан бастап жас оқытушылар мен институтты үздік бітіргендерді еліміздің басты-басты оқу орындарына жолдама беріп аспирантураға жіберілді. Олар: М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетіне: М.А. Абдулов, Т.Ә. Қизатова, Қазақ мемлекеттік университетіне Ж.Б.Бақи, А.Н.Мовкебаев, М. 526 Қожахметов, З.А. Алдамжаров, Ғ.Н. Нығмет, А.Н. Росляков, А.С. Сарсенов жоғары дәрежелі кадрлар даярлаудың басқа да жолдары пайдаланылды. Атап айтқанда, кафедра мүшелерін бір жылдық аспирантураға жіберу арқылы Х.Б. Табылдиев пен Ү.С. Қыдыралин кандидаттық диссертацияларын ойдағыдай қорғап шықты [5,85б.]. Соның ішінде 1960 жылы «тарих» мамандығының ашылуына байланысты филология факультеті 1963 жылдан бастап, тарих-филология факультеті деп аталды. 1962 жылы институтқа таза тарих мамандығын даярлайтын студенттер қабылдауына орай арнайы кафедра ашу мәселесі туындаған болатын. Институттың сол кездегі ректоры С.Т. Қожабаев жоғары оқу министрлігінен рұқсат алып, 1963 жылы тарих кафедрасын ашты. Кафедраның алғашқы меңгерушісі, бұл күндерде республикаға белгілі тарихшы-ғалым А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры, академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор З.А. Алдамжаров болды. Кафедра мүшелері: А.Мовкебаев, М.Абдулов, К.Қайырбекова, Ғ.Аманғосов, Ғ.Садықова, Ү.Қыдыралин. 1962 ж. тарих-филология факультеті құрылды да, оның алғашқы декандары болып доцент Н.Е. Бахарев, кейін Н.И. Өтегеновтар сайланды. 1968 жылы тарих кафедрасы екі дербес: КСРО тарихы, жалпы тарих кафедралары болып бөлінді. Кафедра меңгерушілері: КСРО тарихын - Ж.Б. Бақи, 1973 жылдан бастап Ғ.Н. Нығмет, ал жалпы тарих кафедрасын 1968 - 1974 жылдар аралығында З.А. Алдамжаров, Ғ.Н. Нығмет, Ғ.А. Аманғосовтар басқарды. 1974 жылда кафедраны тарих ғылымдарының кандидаты, доцент В.В. Сергеев, 1978 жылдан 1998 жылға дейін тарих ғылымдарының кандидаты, доцент К.Қ. Қайырбекова басқарды. Кейін философия ғылымдарының кандидаты, доцент С.А. Бенделиани жетекшілік етті. 1970 жылдан бастап, тарих мамандығы бойынша ғылыми кадрлар өсіп жетілгені ескеріліп, тарих филология факультетінің деканы қызметіне тарихшылардан қоя бастады. 1973 жылдан 1985 жылға

дейін факультетті тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Б. Бақи басқарды. Осы жылдар ішінде факультеттің көптеген оқытушылары ғылыми дәрежесі өсіп, жастарға жоғары білім беруде өз үлестерін қосып келеді. Факультетте қызмет атқарған ғалымдар: З.А. Алдамжар, В.В. Сергеев, Х.Б. Табылдиев, Ү.С. Қыдыралиндер тарих ғылымдарының докторы, профессорлар болды. Ғылым кандидаттары: Ж.Б. Бақи, Т.Т. Төлепбергени Атырау университетінің профессоры ғылыми атағына ие болды. Факультеттің Қазақстан тарихы кафедрасының ғалымдары соңғы жылдары көлемді монографиялар мен ғылыми зерттеу еңбектерін баспадан шығарды [6,436]. Х.Б. Табылдиев «Сауатсыздықтан білім шыңына», «Құрманғазы Сағырбаев», «Сарайшық - орта ғасырлық Астана», «Кіші жүз рулары», Т.Төлепбергени З.Байдосовпен бірлесіп «Есет батыр», «Тәуелсіз мемлекет құру зиялылар арманы», Ж.Б.Бақи «Азаттық жолындағы күрестің бастаушылары», «Атырау өлкесі қазақтарының салт-дәстүрі», Ғ.Н.Нығмет пен Х.Табылдиевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» атты еңбектер жарық көрді. Тарих-филология факультетінің нығаюына, тарихшы кадрлардың кәсіби жоғары дәрежеде дайындалуына үлкен үлес қосқан адамдардың бірі-тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Зұлхарнай Алдамжар. Ол өзінің еңбек жолын 1962 жылы Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің тарих факультетін үздік бітіргеннен кейін Атырау пединститутында оқытушылықтан бастады. Кейін кафедра меңгерушісі, тарих-филология факультетінің деканы, 1980 - 1989 жылдары ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметтерін атқарды және өзін дарынды ғалым және шебер ұйымдастырушы ретінде көрсетті. Әсіресе, ол ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру, маман кадрлар дайындау ісінде үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Зұлхарнай Алдамжарұлының ұйымдастыру жұмысы нәтижесінде Алматы, Мәскеу, Киев, Новосибирск тағы басқа қалалардағы жоғары оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынастар бекіді. Бірнеше одақтық, республикалық конференциялар мен семинарлар өткізілді. Студенттердің ғылыми жұмысын ұйымдастыруда да алға басулар болды. 1989 жылдың сәуірінде З.Алдамжар Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры болып сайланды. Бірақ кейін де Атырау университетімен байланысы үзілген жоқ. Қостанай университетімен бірігіп ғылыми- практикалық конференциялар өткізіліп тұрды, басқа да ғылыми, оқу-әдістемелік 527 байланыстар нығайды. Зұлхарнай Алдамжарұлының басшылығымен университеттің жас оқытушылары кандидаттық диссертациялар қорғалды [7,656.]. Факультеттің ең алғашқы ұстаздарының бірі - Аманқосов Ғанибай Аманқосұлы ата анасынан ерте қалып, Маңғыстауда балалар үйінде тәрбиеленген. Мектепті бітіре сала 17 жасында 1942 жылы наурыз айында майданға аттанды. Аз уақыт әзірліктен соң Сталинград түбіндегі шайқасқа қатынасып, қыркүйек айында ауыр жараланады. Содан 1943 ж. қаңтарына дейін госпитальда емделеді. 1943 ж. қыркүйегінен 1944 ж. сәуіріне дейін Науалы орта мектебінде мұғалім болып жасады. 1944 ж. сәуірінде Ғанибай ағай қайтадан майданға аттанады. 175 атушылар полкысының қатардағы атушы болып, 1945 ж. наурызында жараланға дейін күресті. 1945 ж. сәуірінде госпитальға түсті. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін, Ғанибай Аманқосұлы 1945 ж. Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтқа түсіп, оны 1949 ж. аяқтады. 1949 - 1956 ж.ж. Маңғыстауда Тұщықұдық ауыл советінің мектебінде мұғалім, кейін мектеп директоры болды. 1956 ж. ол кезде Гурьев қаласына келгеннен кейін педучилищеде мұғалім болып жұмыс жасады. 1963 ж. Ғанибай жалпы тарих кафедрасында оқытушылық қызметін бастады. Ғ.А.Аманқосов 1969 1974 ж.ж. аралығында үзілістермен жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі болды. 1978 ж. зейнет демалысына шыққанына қарамастан, 1988 жылға дейін аталған кафедрада жұмыс жасады. Ғанибай ағай әріптестері арасында сыйлы, оқушылары алдында абыройлы жоғарғы дәрежедегі маман тарихшы. Факультеттің байырғы оқытушыларының бірі - профессор Жиенбай Базарбайұлы Бақи. Ол 1959 жылдың қыркүйек айынан осында үздіксіз

жұмыс жасауда. Осы оқу орнының жолдамасы бойынша 1961 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына түсіп, ол 1973 жылы кандидаттық диссертация ойдағыдай қорғады. Бұл күндері ол еліміздің балық өнеркәсібінің тарихын зерттеген, ғылыми тұрғыда зерделеген, құжаттарды ғылыми айналымға түсірген республикадағы бірден-бір ғалым болып саналады. Ж.Б.Бақи он жылдан астам тарих филология факультетінің деканы болды, кәсіподақ комитетінің төрағасы, драма үйірмесінің жетекшісі, университет мұражайының директоры т.с.с. сан- қилы қоғамдық жұмыстар атқарды. Бұл күндері қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып келеді. Тапсырылған іске аса Қызметте жауапкершілікпен әрі творчестволықпен қарайды. өзіне де, өзгеге де жоғары талап қоя білушілікпен ерекшеленеді. Доцент Ғинаятолла Нығмет ұзақ жылдар КСРО, Ресей тарихынан дәріс берді. Кейінгі жылдары ежелгі және орта ғасырда Қазақстан тарихынан сабақ жүргізеді. Ол өз пәнін өте жетік білетіндігімен, қатаң талап қоя білетіндігімен және студенттердің тыныс-тіршілігін, қабілетін, мүмкіндігін терең білетіндігімен ерекшеленеді. Баспасөзбен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Соңғы жылдары тарихтың ақтаңбақ беттерін ашумен айналысуда. Факультетте студенттердің ғылыми жұмысына көбірек мән беріледі. 1970 жылдардан бастап доцент А.Ш.Шамғонов "Атамекен" ғылыми өлкетану үйірмесі, жетекшілік қызмет атқарып, жұмыстар жүргізеді. Тарих факультетінің білікті, саяси білімді мамандар даярлаудағы ролі ерекше. Жарты ғасыр ішінде 5 мыңға жуық тарихшы-педагогтар даярланып, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе облыстарының мамандарға қажеттілігін қамтамасыз етіп келді. Факультет ұжымы өз түлектерін мақтан етеді. Олар еліміздің барлық жерлерінде мәдени ағарту салаларында, жоғарғы оқу орындарында, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, басқару аппараттарында, құқық қорғау органдарында жемісті еңбек етуде. Мысалы, факультет түлектері Қазақстан Республикасының депутаты, сенатор Л.Н. Бурлаковты, облыс әкімшілігі аппаратының жетекшісі Т. Каримовты, облыстық білім басқармасының бастығы С. Есбосынованы, облыстық мемлекеттік автоинспекция бастығы, полиция полковнигі К. Нұриденовты, Ақтөбе университетінің кафедра меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ұ. Ысмағұловты, Қазақ мемлекеттік заң университетінің проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент К. Халидуллинді, Қостанай университеті тарих факультеті деканының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты, доцент Ә. Мұқтарды тағы басқа көптеген тарихшыларды мақтан тұтамыз. Факультеттің 70-жылдардың ортасындағы түлегі профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиев ұзақ жылдар факультеттерді басқарып, 528 ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып жемісті еңбек етіп, бұл күндері университет ректоры дәрежесіне жетіп, көптеген игі істердің бастамашысы болып отыр [8,130б]. Тарих факультетінің ұжымы құрылғаннан бермен қарай тәрбие жұмыстарына да жан жақты мән беріп, студент-жастардың ұлтжанды адамгершілікке, әсемдікпен көркемдікке, ел байлығын еселей түсумен бүгігімізбен өткен тарихын зерделеу мақсатында «Атамекен», «Мұра» драмалық үйірмелер ұйымдастырылды. 60-жылдардан бермен қарай факультетте студенттік құрылыс және ауылшаруашылығы отрядтары үздіксіз ел байлығының өсуіне үлес қосып келді. Бұл жұмыстарда университет профессор-ғалымдары Сейталиев Қ.Б., Камешев И.Қ., Мұстафин Ж.Ж., атауға болады [9,120б.]. 1955 жылы республикада Гурьев, Петропавл және Қостанай мұғалімдер институттары педагогикалық институттарға айналды. Облыс мектептерінде жоғары білімді мұғалім кадрларына деген қажеттілік күннен-күнге арта түсті. Мұғалімдер институты ол сұранысты өтей алмады. Ол негізінен 5-7 сыныптарға арналған ұстаздар даярлады. Осы қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі өз қаулысымен, сонымен қатар Қазақ ССР халық ағарту министрлігінің 16 маусымда 1955 жылғы бұйрығымен Гурьев мұғалімдер институты педагогикалық институтқа айналды. 60-

жылдардың бас кезінен бастап, аспирантураға оқытушыларды жіберу, өз бетімен іздену, стажировка сияқты ғылыми жұмыспен шұғылданудың түрлері кең өріс алды. Институтта жұмыс істеп жүрген оқытушылардың, өз бетімен ізденушілердің арасында бірінші болып, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін Қ.Е.Темірғалиев, физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін А.Х.Наубетов диссертация қорғады. Оқытушылар құрамы 1970 жылы 119 адамға дейін өсті, оның 17 адамның ғылыми дәрежесі мен атағы болса, ал 30-дан астам адам аспиранттық даярлықтан өтті. Студенттер контингенті 2693, оның ішінде 1198 күндізгі бөлімде оқиды, 1495-сырттай бөлімде, демек, 1950 жылмен салыстырғанда студент саны 10 еседен артыққа өсті. Кітапхананың кітап қорын жабдықтауға ерекше мән берілді. Оның саны 130000 томға дейін өсті; жылма-жыл газет- журналдардың 235 атауы жаздырып алынды. Оқу үрдісін қамтамасыз ету мақсатында екі стационарлық кең пленкалы киноаппаратымен кинозал, шет тілдері мен мектеп эксперименті кабинеттері үшін аппаратымен радиоторабы жабдықталды. Сол сияқты КПСС тарихы мен саяси-экономика, философия мен ғылыми коммунизм, педагогика және психология, азаматтық қорғаныс, математика, электротехника, ботаника, зоология, шет тілінің 4 кабинеті, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, мектеп эксперименті лабораториясы, механика және жылу, электр және оптика, химия спектральдық талдау және атом физикасы оқу кабинеттері мен зертханалар жабдықталды. Институттың дамуының келесі кезеңі-70 жылдар (ректор С.Д. Дуймагамбетова (1969-1972)), Ғ.Д.Даиров Е.Б.Сахипов (1976-1983) - (1972-1976), Бұл жылдары институттың қалыптасуы одан әрі жалғасты. Гурьев педагогика институты республикамыздағы мұғалім кадрларын кәсіби-педагогикалық даярлауда алдыңғы шептегі оқу орындардың біріне айналды. 1972 жылы 632 орындық типтік жатақхана құрылысы аяқталды. (№ 2 жатақхана), ал 1976 жылы құрылысы 60-жылдарда басталған институттың жаңа оқу ғимараты іске қосылды. 1977 жылы физика-математика факультетінің оқу үйі қайта жабдықталды, физика-математика факультеті жаңа оқу үйіне шықты да, оның орнына музыка-педагогика факультеті орналасты. 80-жылдары институтта 6 факультет жұмыс істеді: тарих- филология, физика математика, биология-химия, музыка- педагогика, бастауыш білім беру және мектепке дейінгі тәрбие, спорт онда барлығы 2723 студент оқиды. Сырттай оқу бөлімі студенттерді 8 мамандық бойынша даярлады: орыс тілі мен әдебиеті, қазақ мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті, биология, музыка және ән, педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі, мектепке дейінгі педагогика және психология, дене тәрбиесі, онда барлығы 2053 студент білім алды. Жалпы студенттердің контингенті 4776 адамды құрады. Бұл жылдары жаңа мамандықтар бойынша студенттер даярланды: тарих және кеңес құқы, педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі, музыка қосымша мамандығы, дене тәрбиесі қазақ бөлімі, «Физика және математика», «Математика және физика», мамандықтары «физика, 529 информатика, еңбек» және «математика және информатика» мамандықтарына айналды. 1990 жылдан бастап, «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс кластарында» және «Биология және жағырапия» қазақ бөлімі мамандары ашылды. Сонымен, институт аталған жылдарда 12 мамандық бойынша студенттерді даярлады: күндізгі және сырттай бөлімдерде. 1994 жылғы 23 мамырдағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен Атырау педагогикалық институтына ғұлама ғалым, ағартушы ұстаз, профессор Халел Досмұхамедовтың есімі берілді. Бұл Атырау облысы жұртшылығының өмірінде елеулі оқиға болып табылады. Жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру, мамандар мен ғылыми педагог кадрдар даярлаудың аймақтық университет жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті өзінің 1994 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау педагогикалық институты Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті болып қайта құрылды.

Атырау университеті осы өңірдегі ағартушылық ақыл-ойдың нәр алатын қайнар бұлағы, ғылыми-әдістемелік орталық ретінде 40-қа тарта мамандық бойынша әр түрлі ғылым саласында даярлап келеді. Университет түлектері Қазақстан Республикасының және одан шет жерлерде халық білімнің, ғылымның, мәдениеттің әртүрлі шаруашылығының, саласында жемісті еңбек етуде. Қорыта айтқанда, Атырау өлкесіндегі тұңғыш ашылған Гурьев педагогикалық институтының ашылуы сол дәуірде Қазақстанның басты өлкесін мұғалім мамандар тапшылығы мәселесін шешкен бірден-бір жоғары оқу орындарының бірі болды. Өлкеміздегі жоғары білімді мамандар даярлауда қазірде де біздің университетіміз сұраныста тұрған жоғары оқу орындарының санатында.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Атырау облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі - АтОМА) 885-қ., 1-т, 35-іс 2. АтОМА 880-қ.,1-т.,2-іс 3. Ахмет А.Қ. Өлке тарихындағы университет бастаулары. \\ « Ұлттық тарихты зерделеудегі өлкетану: бүгін мен болашағы» атты хал-қ ғыл.-тәжір.конф.матер-ры-Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті., 2012. -26-32б. 4. АтОМА 1036-қ., 1-т., 1-іс. 5. «Атырау мемлекеттік университеті: өткені, бүгін және болашағы» -Алматы, 2001. 578 б. 6. Атыраудың ұлағатты ұстаздары. -Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2011. - 368 б. 7. Атырау: Энциклопедия. -Алматы: Атамұра, 2000. -384 б. 8. Ұлағат ұясы. // Қ. Сүндетұлы - Атырау: «Атырау-Ақпарат» ЖШС, 2018. -258 б. 9. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті-жарты ғасырдан аса уақыт бойы аймақтың білімі мен ғылымына қызмет көрсету. // -Атырау, 2010.- 444 б.